Бел буған елдің жауын жоялық деп (Бабалар сөзі, 2006: 400), - деген жолдар осы сындарлы кезең туралы айтылғаны анық. Әбілмәмбеттің осы кезеңдегі Қазақ хандығындағы, оның ішінде Орта жүзге қатысты шешуші мәселелерде үлкен салмағы болуын оның баласы Әбілпейіз сұлтанның сол тұста Жоңғария қонтайшысының қолына кепілдікке алынуынан танимыз. Бұл жөнінде мақалада арнайы тоқталатын боламыз. Қара қалмақтың 11 мың қолы 1739 жылдың жаз айларында Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан және Бараққа жеткізілді. Бұл кезең жоңғар қаупінің күшеюімен де сипатталды. Осы себепті 1740 жылы 28 тамызда Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Орынбор өкілдеріне ресми түрде ант беріп, олардың Ресейге деген адалдығы мен тиесілігін растады деп жазылған мәліметтер бар (Қайрат, 2016: 400).

Осындай қым-қуыт жағдайлар барысында Әбілмәмбет ханды біз Қазақ хандығындағы шешуші тұлғалардың бірі ретінде көреміз. Оның нақты куәсі – Жоңғария қонтайшысы Қалдан Сереннің Әбілмәмбет ханнан аманатқа бала сұрауы болып табылады. Аманатқа жай ғана немесе қатардағы кіші хандар мен сұлтандардың баласы алына бермеген. Аманат немесе тірідей кепілдікке елге беделді, ықпалды хандардың, билер мен батырлардың балаларын алатын болған.

«Ресейдің қарсылық амалдарына қарамастан, Елек өзенінің жоғары ағысында көшіп жүрген Әбілмәмбет 1742 жылдың күзінде кіші ұлы Әбілпейізді Жоңғарияға Нияз батырмен бірге амант қылып аттандырып, ол онда 1744 жылға дейін болады» (Төкейұлы, 2019: 264).

Болашақта үлкен әулеттің түп бабасы болатын қайраткер тұлға Әбілпейіз сұлтанның тарихи құжаттарда аты аталатын кезең осыдан басталады. Осы ретте өзінің ұлы Әбілпейіз сұлтанды Жоңғария қонтайшысына кепілдікке беріп жүрген Әбілмәмбет ханның балалары нешеу деген сұраққа байланысты жауап берудің реті келіп отыр. Хандар мен сұлтандар қазақ қоғамында, оның ішінде ауқатты адамдарда кеңінен қолданыста болған полигамия салтын ұстанған. Сол себепті де олардың екіден көп әйелі, көптеген ұлдары мен қыздары болған. Бұл бір жағынан басы көп болса, айналасына ықпалы мен беделі зор болуымен қатар, белгілі, беделді әулеттермен құдаласу арқылы ел ішіндегі билігін де нығайтып отырған.

Әбілмәмбет хан да өзге хан-сұлтандар тәрізді екі әйел алған екен. Әбілмәмбет ханның бәйбішесі – арғынның алтай руынан. Одан Болат есімді ұл туады. Екінші ұлы – Әбілпейіз, үшінші ұлы – Бөлтек. Тарихшы ғалым Ирина Ерофееваның дәлелдеуінше, үш ұлы барлығы бір әйелден туады (Ерофеева, 2014: 696).

Әбілмәмбет ханның екінші әйелі – Түркістан өңірінен шыққан Баба қожаның қызы екен. Кейінгі әйелдері болса, белгісіз. Деректер бойынша, Әбілмәмбет ханның төрт ұлы болды: Тәуке, Болат, Әбілпейіз, және Әбүлтек (Бөлтірік деп те аталады). Үлкен ұлы Болат арғын тайпасының кувандық тармағында Алтай руын басқарды. Екінші ұлы Әбілпейіз сұлтан Орта жүз сұлтандары арасында жоғары мәртебеге ие болды және найман мен қаракерей руының бір бөлігінің сұлтаны болды. Тәуке сұлтан болса Ұлы жүздегі тайпалардың бір бөлігін, атап айтқанда сарыүйсінді басқарды. Бұл мәліметтер Әбілмәмбет хан ұрпақтарының арасында ағайындылар болғанын және олардың ұрпақтары ұлы және орта жүздерді басқара отырып, қазақ қоғамында маңызды лауазымдарды атқарғанын көрсетеді. Әбілпейіз сұлтан және оның балалары мен немерелері оның мұрасын жалғастырды (Тілепов, 2001)

Әбілпейіз сұлтан, Әбілмәмбет ханның ұлы, және оның ұрпақтары, оның ішінде Қанғожа, Көгедай т.б. Орта жүзде билеуші рудың бай мұрасына ие. Тарихи құжаттар Әбілпейіз сұлтан мен оның ұрпақтарының қазақ хан билігінің дамуына қосқан елеулі үлесін айғақтайды. Әбілпейіз сұлтан қазақ даласының шығысында өмір сүрген наймандар мен қазақ руын қоса алғанда, едәуір аумақты басқарды. Бұл факт тарихшы және мұрағатшы Ирина Ерофееваның зерттеулерімен де расталады: «Әбілпейіз сұлтан (толық есімі *Әбілпейіз баһадүр сұлтан*, жазба деректерде *Абдулфеиз, Абулфаиз, Абулфеис*, туған жылы белгісіз – 1783) — сұлтан, найман тайпасының құрамындағы қаракерей руының билеушісі, Әбілмәмбет ханның баласы» (Төрекұл, 2001: 592). Тоғыз таңбалы найман руының бірі – қаракерей. «Қаракерей – Орта жүз, найман тай»пасының руы. Ұраны – Қаптағай!, Қабанбай!; Таңбасы – Бақан, Мүйіз, Шөміш. Шежіре деректеріне қарағанда, Қаракерей құрамына Тайлақ, Жайнақ, Қожамбет, Шүрентай, Тоқпақ, Мұрын, Ақымбет, Ерсары, Семізнайман, Болатшы, Сыбан, Қыржы, Байжігіт, Жастабан, Тума, Ақнайман, Балқабет атты рулық топтар мен аталар кіреді. Қаракерейлердің негізгі тобы Қазан революциясына дейін Зайсан уезін, біразы Семей, Өскемен және Лепсі уездерін мекендеген» (Қаратаев, 1972: 875). Қаракерей тайпасы – Хан батыры Қабанбай атанған әйгілі сардар Ерасыл туып шыққан әйгілі ел болғандықтан, өзге рулар арасында айбары асқақ болған. Мұндай беделді руға сұлтан болатын төре де осал болмауы тиіс еді. Әбілпейіз Әбілмәмбетұлының тағдырына қаракерейдің бір бөлігіне сұлтан болу жазылған екен. Қаракерейдің бір бөлігіне сұлтан болған Әбілпейіз Әбілмәмбетұлының осында келуінің өзі аңыз түрінде жетеді. Бұл турасында бірнеше ғасыр жүзінде халық жадында сақталып жетіп, кейінгі дәуірдегі кітаптардың бетіне түскен тарихи деректерде былай деп баяндалады. «Төресіз ел, төбесіз бел болмайды» деген қағиданы басшылыққа алған Боранбай би, Сырымбет би, Толыбай би, Қыстау және Ботақара батырлар сонау Түркістандағы Әбілмәмбет ханның бір баласын найман еліне төрелікке сұрап барады. Хан оларды жылы қарсы алады, елдегі жағдайға қызығушылық танытады және оларға жылы шырайлы

қонақжайлылықпен қарайды. Олар Түркістандағы Әбілмәмбет ханның қасында бірнеше күн болады. Ол елге оралғанда, ханның өзі бұл туралы сұраганнан кейін ғана ақпаратпен бөлісті.

– Япыр-ай, баламның бәрін өзге елдер қалап, таратып әкетіп еді, – депті хан. Сол жерде Боранбай би:

– Алланың маған берген аяны рас болса, біздің төре ханымның құрсағында болуы тиіс, тақсыр, - депті.

Хан ханымды шақыртып алып сұрағанда, ол құрсағында үш айлық бала барын жасырмапты. Содан ұл болып туса беруге ханның уәдесін алып қайтады. Айтқанындай ұл бала дүниеге келеді. ...Би Боранбайлар Әбілпейізді Түркістаннан алып қайтқанда ол 12–13 жасар бала көрінеді» (Кәрімов, Асылбеков, 2014: 163). Мұнда есімдері аталатын рубасы билер – Әбілпейіз ханнан кемінде екі мүшелден астам жас үлкен кісілер. Атап айтқанда Түркістанға наймандар тобын бастап барған Боранбай би – өз дәуіріндегі елдік мәселелерге кеңінен араласқан белгілі тұлға. «Боранбай би Қалқаманұлы (Бибабам) (1704–1802) — қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы соғысына қатыстқан батыр, белгілі би, Абылай хан ордасында бас би болған. Найман тайпасының қаракерей руы байыс бұтағынан шыққан» (Бекнұр, 2020: 235).

Би Боранбайлар өз еліне билеуші сұлтан болдыруға бір баласын сұрап барған кезеңде Әбілмәмбет ханның кіндігінен тараған ұлдардың ішінен өзге рулар меншіктемеген жас сұлтан болмауы түсінікті еді. Өзге қазақ рулары да басқалар арасында ықпал-дәрежесін нығайту үшін Шыңғыс ұрпақтары арасында кез келгенін емес, төре әулеттері арасында билік басында жүрген аталардан, ең ықпалды сұлтандардың балаларын алуға тырысатын болған. Қаракерей руы адамдарының іс-әрекетін де осымен түсіндіруге болады:

Айтқамын Әбілпейізді мен басында,
Бұл жерде айта кетем жалғасын да.
Әз Тәукенің төртінші немересі ол,
Айтылса мәні-жайын ұғасың да.
Ол өзі Әбілмәмбет баласы еді,
Көп халық төре етуге талас еді.
Атайдан бер қарайғы хандық жолы,
Оларға мирас әрі жалғас еді (Бабалар сөзі, 2006: 40), – делінгеніндей осы кезеңдегі қазақ төрелер әулеті арасында арысын айтпағанда берісі Есім, Жәңгір, Тәукеден бері Үш жүздің билігін қолға ұстап келе жатқан Болатұлы Әбілмәмбеттің айбар-беделі зор болатын.

Найман билерінің Әбілмәмбет ханнан өздерін басқарып, сұлтан болуға бір баласын сұрап барғаны туралы оқиға көптеген жыр-дастандарға арқау болған.

Атамыз одан арғы – Әбілпейіз,
Жалғанда мал мен басы болған егіз.
Жолдаспен алпыс кісі би Боранбай,
Алып кеп хан қойды деп естігенбіз (Төкейұлы, 2019: 125)

Бұл да арғы тарихтан хабар беретін жыр жолдары. Әбілпейіз сұлтанның бұл келісі құтты болады. Әбілпейіз сұлтанның Орта жүздегі найманның қаракерей руына төрелік еткендігі туралы орыс және шүршіт деректері көптеп кезігеді. «Әбілпейіз Найман Қаракерейлерге басшы болып 1748–1750 жылдары келген. Алып келгендер: Би Боранбай, Ботақара батыр, Сырымбет би, Қыстау би, Толыбай би. Алғашқы қонысы Шыңғыстаудағы Қызылшілік, Байқара бидің ауылы» (Артықбаев және т.б., 1999: 456).

Әбілпейіз бен оның ұрпақтары билік құрған өңірде, Аягөзде дүниеге келген әйгілі шығыстанушы тарихшы Құрбанғали Халид те сұлтанның Шыңғыстаудағы найман еліне төре болып келуі туралы былай деп жазған екен: «Балиғатқа әлі жетпеген бала, дәстүр бойынша, Әбілқайыр Нұралы ұлының қызы болып табылатын Бөкей ханның әпкесімен бірге бесік кертін (атаған күні) өткізеді. Әбіл Файз Сыбан аумағында орналасқан Байқара би ауылында тұрады.

Шыңғыс тауының етегіндегі Кос өзенінің бойында салынған мешіт 1860 жылға дейін болған. Имам Аюб қожа отбасы өзінің әулеттік желісін ел ішінде жалғастырады және маңызды. Бұл мешітті «Ханым патша мешіті» деп атайтын жер бар» (Құрбанғали, 1992: 304).

Ал Әбілпейіздің аманатқа алынып, Жоңғар қонтайшысының ордасына жіберілген уақыты найман ішіне келгеннен бірнеше жыл бұрын болған өмір кезеңі болып саналады. «1742 жылы, ол әлі жас кезінде, әкесі оны аманат ретінде Жоңғар қонтайшысы Галдан Цереннің (1727–1745) Ордасына жіберді және ол 1744 жылдың басына дейін сол жерде болды. Жоңғариядан оралғаннан кейін ол Орта жүздің қарақерей тайпасының билеушісі болды, сондай-ақ ойраттармен шектесетін даланың шығыс шетінде, кейінірек Цинь империясымен шектесетін қазақтар тобын басқарды. Бұл аумақ Шыңғыстау таулары, Аягөз, Көкше, Шыңғыс өзендері бойында, сондай-ақ Ертіс өзенінің сол жағалауында, Семей қаласына қарама-қарсы және Шаған өзенінің бойында (қазіргі Аягөз, Шығыс Қазақстан облысы, сондай-ақ Семей қаласының Бесқарағай және әкімшілік ауданы ауданында) созылады. Абылай сұлтанмен бірге 1757 жылы Қытайдағы Цинь империясымен дипломатиялық байланыс орнатып, өз өкілдерін Пекинге, император сарайына барған жалпықазақ елшілігінің құрамына жіберді. Келесі онжылдықтарда ол Шыңжаңдағы қытай билігімен тұрақты саяси және сауда қатынастарын сақтады» (Ерофеева, 2014: 366) - деп атап көрсетеді тарихшы ғалым Ирина Ерофеева.

Осылайша Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпейіз сұлтан өзінің туып-өскен Түркістан қаласы мен оның қолайлы ауа райлы жылы өңірінен Арқаның шығыс бөлігінде жатқан Шыңғыстауға келіп, осында өзін билікке көтерген жұртқа қызмет ете бастайды. Қазақ қоғамындағы төрелік институтқа берілген уәкілеттілік шеңберінде билік жүргізеді. Ұрпақ өрбітіп, оларды да кейіннен молая түскен өзге руларға бас болдырып, өрісін кеңейте түседі. Әбілпейіз сұлтан ұрпақтары Қазақстанның шығыс өңірі мен Қытайға қарасты Алтай, Тарбағатай, Моңғолияның батыс бөлігінде мекендеген қазақтар арасында билік құрып, осы өңірлерді қазақтардың түпкілікті игеруіне үлкен еңбек сіңірді.

Әбілпейіз сұлтан ұрпақтарынан шыққан белгілі тарихи тұлғалардың өзі біршама баршылық. Осы ретте бір атап өтерлігі – тек Әбілпейіз сұлтан ұрпақтары ғана емес, күллі қазақ төрелері арасындағы бір ерекшелік – ондағы адам аттарын қойылуында өзіндік қалыптасқан, «меншікті есімдік база» бар екендігі. Бұл – барлық төрелер әулетіне ортақ ұқсастық үрдіс болып саналады. Түсінікті етіп айтқанда: қазақ төрелері арасында өз ұрпағына қазақша кісі аттары арасынан белгілі бір есімдерді көбірек қоятын үрдіс барын көреміз. Атап айтқанда Жәңгір, Абылай, Есім, Әбілпейіз, Қанғожа, Қасым, Әділ, Барақ, Бөкей, Уәли, Жәдік, Адай т.б. есімдер батыстағы Кіші жүз руларын билеген төре әулеттерінен шығыстағы Орта жүз руларына сұлтан болған төрелерге дейін біркелкі кеңінен тараған ат қою үрдісі болған себепті, оларға қатысты тарих пен шежірелерде жаңсақтыққа жол беріліп жатады. Бұл Әбілпейіз сұлтанның әулетіне де тән үрдіс. Әбілпейіз сұлтанның ұлдарынан тараған, оның немере, шөбере, шөпшектерінде де жоғарғыда атап өткен және т.б. төрелерде көп кездесетін есімдер тән. Әбілпейіз ұрпақтары арасында да көптеген ұқсас есімдер барын көреміз. Тарихшы ғалым Жәнібек Аллаярұлы Нұралыұлы Бөкей хан әулетіндегі есімдерге қатысты былай дейді: «Біздіңше Бөкейдің анасы Орта жүздегі төрелер тұқымынан болуы мүмкін. Себебі, Бөкей, оның інісі Шығай есімдері Орта жүздегі Жәдік әулетінен тарайтын төрелерге тән. Әрі бабаларының есімдерін өз балаларына қайталап қою төрелер тарихында жиі кездеседі» (Аллаярұлы, 2015: 454). Расымен де Әбілпейіз сұлтан тараған Жәдік әулетіндегі адам есімдері тарих пен шежірені зерттеушілер үшін біршама қиындық тудыратыны анық.

Әбілпейіз сұлтанның әйелдері мен олардан тараған ұлдары туралы мәліметтер тарихшы Құрбанғали Халидтің жазбасында анық берілген. Әбілпейіз сұлтанның төрт әйелі болыпты. Олардың әрқайсысынан тараған ұлдар – өз кезегінде қазақтың ірі руларын билеген.

Бірінші әйелі – Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның баласы Нұралы ханнан туатын Патшаханым ханым. Патшаханым ханымның шын аты – Айкүміс екен. Патшаханым ханымнан

Бопы сұлтан туады. Бопы сұлтанның туған жылын тарихшы, шежірешілер 1762–1763 жылдар деп есептейді. Қаракерейден Жалбы би Әбілпейізден келіп он төрт жасар Ағадайды әкеткенде, жанына Бопыны қосып жібергенге ұқсайды. Бопы сұлтан – қазіргі Абай облысына қарасты Аягөз, Алакөл айналасындағы өңірдің қазаққа карауына еңбек сіңірген тұлға. Бопы сұлтанның жайлау Аягөз өзенін бойлай, Қоңыршәулі, Ақшәулі тауларының етегі болса, қыстауы Қарақұм құмынан Шыңғыстаудың етегіне созылып жатқан. Бопы төре сөзге шешен адам болғанымен, әр сөзін айшықтап отырып, уақыт ұтқызып алатын адам болғаны туралы мәлімет жеткен. Бопы сұлтанның кіндігінен Жанай, Жанкүшік, Солтыбай, Жанқаба, Жанқораз, Асанбек, Майлы, Оспан, Данияр, Мұрат, Мұсахан, Рүстем атты он екі ұл тараған. Осы он екі ұлдың ішінде Солтыбай төренің баласы Барақ сұлтанның өз заманында даңқы шыққан.

Солтыбай төре Әбілпейіз сұлтанның немересі, Бопы сұлтанның бәйбішесінен туған ұлы. Ол 1790 жылы дүниеге келеді. Солтыбай төре 1831 жылы Аягөз округі құрылғанда екі болыстыққа бөлінген сыбанның бір бөліміне халықтың таңдауымен ие болады. 1834 жылы Анна летнасы тағылған медальге ие болады. Солтыбай сұлтан 1847 жылы өмірден өткен. Солтыбай сұлтаннан Барақ, Сейілхан, Абылай атты үш ұл туған. Солтыбайұлы Барақ сұлтан (1805–1862) жастайынан өзінің қажырлы мінезімен, ержүрек батырлығымен елге танылады. Өз дәуіріндегі ең көрнекті тұлғаның бірі болған Барақ сұлтан турасында айтылған, жазылған естеліктер көп. «Абай жолы» романында Зере ананың аузымен айтылатын:

Жақсы да болса қарағым,
Жаман да болса, қарағым.
Солтыбай төре бере ме,
Жақсы туған Барағын (Әуезов, 1991: 465), - деген жалғыз шумақтың өзі Солтыбайұлы Барақ сұлтанның қаншалықты мықты адам болғанын танытып тұрғандай.

Абай Құнанбайұлы және оның шыққан тегі, айналасы, әкесі аға сұлтан Құнанбай туралы жазған зерттеу еңбегінде Барақ сұлтан жайындағы мәліметтерді де қамтиды. Мұнда да Барақ сұлтанның өз тұстастары арасындағы биік тұлғасын, беделін танимыз: Құнанбай мен Бөжей арасындағы дау 1854 жылға дейін жалғасты. 1846 жылы тілмәш Николай Крутков тергеуді Құнанбай ауылына келіп бастады. Алайда, сол кезде Құнанбай мен Бөжей өзара бітіскен болып шығады. Оларға Аягөз округінің аға сұлтаны Барақ Солтабаев қосылып, тергеу тоқтатылды. Алайда, үш жылдан кейін, Құнанбай аға сұлтан болғаннан кейін, «Мұсақұл соғысы» орын алып, тергеу қайтадан басталды. Өткен оқиғада Барақ Солтабаев Құнанбаймен татуласқанын мойындап, қызын татуласу белгісі ретінде берді. Бөжей де мал алды (Жұртбай, 2009: 463).

Жоғарыда атап өткеніміздей, төре тұқымының қазақ қоғамындағы рөлін төмендету жолындағы патша үкіметінің саясаты күшіне әлі ене қоймаған кезде Барақ сұлтанның ықпал-беделі жоғары болғанын Тұрсын Жұртбайұлы «Құнанбайдың төре тұқымы Барақ Солтабаевтан төрелік іздеуі тегін емес. Өйткені, ол кезде Барақ – аға сұлтан, Құнанбай қатардағы болыс қана болатын» (Жұртбай, 2009: 275), - деп түйіндейді.

Барақ төре жайындағы анық мәліметтердің бірі – Ресей билігіне қарсы шыққаны үшін өлім жазасына кесіліп, ол жазасы мәңгілік жер аударуға алмастырылған поляк қаламгері, күрескері Адольф Янушкевичтің қазақ даласын санақ мәселесі бойынша аралаған кезінде Аягөз, Шыңғыстау өңірін аралған кезіндегі жазбаларында кездеседі. А. Янушкевич өзінің досы Густав Зелинскийге жазған хатында Барақ сұлтан жайында былай дейді: «...өз аталастарының арасында үлкен беделі бар екі адамды танып-білуге мүмкіндік берді. Олар жанған жұлдыз секілді даладағы барлық тайпаларға нұр төгеді. Барақ сұлтан мен Құнанбай туралы саған бірнеше сөз айтайын» (Янушкевич, 1976: 135).

Поляк, белорус халқына ортақ тұлға, жалынды күрескер Адольф Янушкевичтің жазушы, аудармашы, журналист Мұқаш Сәрсекеев аударған «Қазақ даласына саяхат бойынша күнделіктер мен хаттар» атты кітабында Барақ төренің батыр тұлғасы мен шалт қимылы, ел арасындағы беделі мен қимыл-әрекетінің елден ерек ептілігі жан жақты баяндалып, тамаша суреттелген: «Барақ

сұлтан – Шыңғысханнан тарайтын хандардың ұрпағы. Ол әлі дер шағында. Бұл жүзінен нұр төгілген және бойын кереметтей күш-қайрат билеген айбынды адам. Дала Геркулесінің бойына жомарт табиғат асқан ақыл мен қайсар мінездің үстіне жүрек жұтқан батылдықты да сыйлаған. Феодалдық заман баронының ұлы есепті. Ол серілік дәстүрінде тәрбиеленген: – садақты ешкім одан дөп атпаған, асауларды одан тез ешкім үйретпеген, ауыр тасты одан гөрі ешкім оңай көтермеген» (Янушкевич, 1976: 75)

Бір айта кетерлік, ескерерлік жағдай – қазақ халқының ортасында, XIX ғасырдың басынан кейін әр рудағы төре болып отырған әулеттер арасында билеуші болуға үміткерлер жеткілікті бола түсті. Бұл сұлтандар әулетіндегі үлкен демографиялық дүмпулердің арқасында болған нәтиже еді. Сондықтан да өз кезегінде бұрынғыдай төреге деген тапшылық жойылды. Ендігі жерде кез келген сұлтан баласы руға төре бола беру мүмкіндігі азайды. Бір әулеттен шыққан төрелер ішінен ел билері, ықпалды ақсақалдары өздеріне лайық, қолайлы деп танылған сұлтанды төре қоятын болды. Бұл жерде екі нұсқа болғанын көреміз. Бірінші, төре болатын сұлтан – пысық, алғыр, шешен, сол кезеңдегі руаралық тартыстар мен жоңғар, қалмақ қалдықтарымен болатын шайқастардан қайтпайтын сойылгер, қамшыгер, найзагер тұлға болуы тиіс еді. Солтыбайұлы Барақ төре – дәл осы бірінші талғам-таңдауға лайық азамат болғандығын А. Янушкевич былай деп суреттейді: «Қазақ турнирі бәйге болды, онда шабандоз, аңшы және батыл адам қуанышты бірінші болып сезініп, кеңінен танымал болды. Оның есімі бүкіл далаға тез тарады және осы жарысқа қатысқысы келген аңшылар оның жасыл туының астына барлық жағынан жиналды. Жас батыр, олжаға шабуыл жасайтын бүркіт сияқты, өзінің ықпалды күш-жігерін шашыраңқы үйірлерге таратты. Ол өз күштерінен тоғыз есе үлкен қарсыластарын жеңіп, туған ауылына аман-есен оралып, өзімен бірге мол олжа алып келді» (Янушкевич, 1976: 76). Және де мұндағы: «Жас батыр өзінің қолын Алатау жаққа талай бастап апарған» деген жолдар – тегіннен тегін жазылмаған. Ол заманда сұлтандар өзінің қарамағындағы елдің өріс-қоныс жайылылымы үшін, өзге рудың адамдарынан болған қисынсыз әрекеттер үшін басын бәйгеге тігіп, ашық майданға шығатын болған. Осыған орай Барақ сұлтан да Алатау баурайындағы елдерге қол бастап барып, мәселені шешіп отырған. А. Янушкевич өзі де Жетісу жерінде болып, Барақ төренің ерлік әрекеттері туралы көп естігендіктен, онымен кездескенде Баракты Европаның әйгілі рыцарьларына теңейді. Сондықтан да ол Барақ сұлтанның қайтпас қайсарлығын, алғырлығын баяндаудан аянбайды: «Оның батылдығы шотланд бүркіттеріне жасалған тау бүркіттерімен салыстырылады. Оның есімі Уолтер Скотттың роман кейіпкерлерінің жүрегінде қорқыныш пен үрей тудырады, ал дала қарақшылары одан қорқып қашып кетеді. Көптеген ақындар оны поэмада тұрғызды, бұл тайпалардың одан оттан қашуына әкелді. Жағдайлардың өзгеруіне байланысты ол қаруын уақытша кейінге қалдырды, бірақ оның Шыңғыс ханнан қалған қаны әлі салқындаған жоқ. Тіпті билеушінің күші мен алтынмен безендірілген сәнді шапан да оны ұстай алмайды. Оның келбеті байрондық бейнені еске түсіреді, ол күшті жаны бар, өз мақсаттарына жету үшін көпшілікті шабыттандыруға және жылжытуға қабілетті адам» (Янушкевич, 1976: 76).

Әбілпейіз сұлтанның ұлы Бопы сұлтаннан тарайтын ұрпақтардан көптеген танымал тұлғалар шыққандығын атай отырып, Барақ сұлтанға көбірек тоқталмай өтпеуге болмайды деп білеміз.

Сұлтан ұрпағынан төре қоюдағы екінші бір таңдау – XIX ғасырда күш ала бастаған билер институтының қолайына жағатын, олармен артық айтысып, күш көрсетпейтін, «қолбала» есебіндегі жуас төре таңдап алу үрдісі де кеңінен көрініс тауып жататын болған. Мұндай төрелер азулы билердің айтқанынан шықпай, солардың сөзін сөйлейтін, мүддесін қорғайтын, әлжуаз билеушілер ретінде тарихта қалды. Олардың ішінде Шыңғыстаудан Алтайдың күнгей, Қобда беттеріне дейін билік жүргізген Әбілпейіз сұлтан ұрпақтарынан да әр әулеттерде баршылық еді.

Әбілпейіз сұлтанның екінші әйелі – Шаған ханым. «Еділ қалмағы, Барақ сұлтанның жесірі Шаған ханым. Шаған ханымға Әбілпейіз сұлтан 1751 жылы үйленген екен. «1750-ші жылдардағы соғыстардың бірінде қалмақтың атақты ханы Қандыжапты өлтіріп, ақ тулы Барақ алған екен дейді

екінші әйел қылып. Сұлулығына бола «Қызыл Шаған ханша» деп атайды екен. Барақ өлгенде Қызыл Шаған ханшаны сұлтанның асына барған қызыл тулы Әбілпейіз хан қалап алып, некелеген екен, содан Барақтан туған Қанқожа деген екі жасар ұлы бар Шыңғыстауға алып келген. Қанғожа Барақтан туғанымен, Әбілпейіздің қолында өсіп, кейіннен қытайдан «уаң» мансабын алды. «Уаң» хан дәрежесінде, «гүннен» бір саты жоғары, ханнан бір саты төмен атақ делінеді. Қанғожадан тараған ұрпақтардың ішінде әке жолын жалғастырған Жанбөбек болды. Тағы бір ұлы Сибанқұл орыс-қытаймен жауласып жүріп, ақыры итжеккенде өлді. Әбілпейіздің Шаған бикеден туған ұлы – Жолшы төре найманның ішінде мұрын деген елді басқарды. Жолшының бір ұлы орыс келген уақытта Аягөз дуанының аға сұлтаны болды» (Артықбаев, 2014: 412).

Жоғарыда атап өтілген мәліметке қарағанда Әбілпейіз сұлтанның әйелдері арасында Шаған бикенің ықпалды болғанын аңғарамыз. Оның анық белгісі – Әбілпейіздің өз кіндігінен туған ұлдарының бірі емес, Барақ сұлтаннан туған Қанғожа сұлтанның өз орнын басу болып табылады. Жошы немесе Жолшы ретінде тарихи құжаттарда есімі ұшырасатын Жошы төре 1752–1753 жылдар шамасында дүниеге келген. Жошы төре есімі Цинь әкімшілігіне қатысты құжаттарда көбірек ұшырасады. Жошы сұлтан қаракерейдің мұрын руының төресі болған. Осы ретте бір ескерерлігі – Әбілпейіз сұлтанның бәйбішесінен туған Бопы сұлтан мен Шаған ханымнан туған Қанқожа сұлтан арасында өзара келіспеушіліктердің орын алғандығы, бір анадан туған Қанғожа мен Жошы сұлтандардың кейінгі билік жолы туралы мынадай мәлімет бар: «И.Г. Андреевтің кітабында 1790 жылдың аяғында Әбілпейіздің мұрагері Ханғожа сұлтан (Шаған ханыммен еріп келген бала, Барақ сұлтанның ұлы) Әбілпейіздің ұлы Бопы сұлтанмен келісе алмай, мұрындарды қабылдап, Шыңғыстаудан Қытай шекарасына жақын Нор Зайсан көлінің маңындағы жеті өзен бойына қоныс аударады. Жошы төре Қанқожамен бірге мұрындармен кеткен сияқты. Себебі, Ханғожа дүниеден өткен соң, мұрындарды Жошы басқарған. 1800 жылы Ханғожа өлімінен соң, патшаға Жошы төре «Ван» лауазымына ие болғысы келіп хат жазыпты. Бірақ оның тілегі қабылданбаған» (Төкейұлы, 2019: 82). Демек Әбілпейіз ұрпақтары арасында билік бөлісуге қатысты кейбір тұстарда келіспеушіліктер орын алып отырған деп білеміз.

Әбілпейіздің үшінші әйелі – қарақалпақ биінен туған Өзбике ханым. «Әбілпейіздің үшінші әйелі қарақалпақ қызы Өзбикеден туған, Ағадай Семіз Найман аталатын Байсиық ішінде. Оның баласы Бексұлтан қытайдан «күн» маңсабын алған, орыс келгенде Аягөз дуанының үшінші, аға сұлтаны болғаны белгілі. Жалпы, Ағадайдың үш әйелінен жеті ұлы болған, әулеттері Жетісу мен Лепсі бойында» (Құрбанғали, 1992: 155), - деп атап көрсетеді тарихшы Құрбанғали Халид. Әбілпейізұлы Ағадай сұлтан 1767–1841 жылдары өмір сүрген. Жалпы Ағадай сұлтан мен оның ұрпақтары қаракерейдің семіз найман тармағына билік жүргізгендігі туралы мәліметтер біршама баршылық. 1909 жылы жүргізілген зерттеуден Тентек өзені бойында қоныстанған қаракерейдің төбет және қарамыс рулары өздерін Ағадай сұлтанның төлеңгіттері болғандықтарын хабарлағандығы айтылады. Әбілпейіз баласы Ағадай сұлтан алғашқы рет осы өңірді қыстауға келгенде, аталған рулар сұлтанмен бірге көшіп келіп, осы өңірде біржола тұрақтап қалған екен. Бұл рудың адамдары өздерінің төресі Ағадай сұлтанның өз уақытында ел арасында сонымен қатар Чиң үкіметі тарапынан үлкен бедел мен құрметке ие болған адам болғанын айтқан. Соның белгісі ретінде 1786 жылы Ағадай сұлтан өзінің қарамағындағы елі атынан Мәнжі Чин императорына сәлем беріп барғанда, император оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған екен. Ағадайдың басына қойылған таста 1841 жылы дүние салғаны туралы жазылғандығы айтылады. Ағадай сұлтан бұрынғы Алматы, қазіргі Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласынан 3–4 шақырым жерге жерленген екен, Ұрпақтары айтқан шежіреге сүйенсек, Ағадайдың үш әйелінен жеті ұл туған. Тапа ханымнан Бексұлтан мен Абыл. Айғаным ханымнан Міртемір, Бөкей, Ақымбаша, Есімі белгісіз үшінші әйелінен Дайыр мен Тәуке туған екен.

Әбілпейіз сұлтанның әйелдері санына қатысты екі түрлі дерек бар. Бірі – жоғарыда келтірілген Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» кітабында келтірілген дерек. Екіншісі – Әбілпейіз ханның тікелей ұрпағы Меллетхан Әленұлының шежіресі. Меллетхан шежіресі

бойынша Әбілпейіз ханның бірінші әйелі – Айкүміс (Патшаханым) Нұралы ханның қызы. Айкүміс анадан Бопы, Ғадай, Ағадай атты ұлдар туады. Екінші алғыншақ әйелі – Қырғыз төресінің қызы Тұмар ханым. Тұмар ханымнан Көгедай, Сәмен, Жабағы төрелер туады. Ал әмеңгерлікпен алған үшінші әйелі – Қалмақ ханы Хандыжаптың қызы Шаған бикеден Ханғожа (Барақтың баласы), Жошы. Мұндағы Ғадай сұлтанның тарихта болғаны рас. Қытай деректерінде Әліпейіздің отбасы туралы деректе сұлтанның төртінші ұлы Ғадай деп атайды. Ғадай сұлтан 1775 жылы Қытай патшасына елші болып барады. Ғадай сұлтан туралы өзге деректер кездеспейді.

Әбілпейіз сұлтан найман арасына келіп ұрпақ өсіріп, өзі де үлкен әулетке айнала бастаған кезде, өзінің бір кездегі тағдырына ұқсас, керей руларына да төре қажеттігі туындайды. Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпейіз сұлтанның найман руы ортасына келгеннен кейінгі басты мұраты – осы елдің өріс-қонысын кеңіту, өзге рулар мен айналадағы жат жұрттар арасында терезесі тең болуына жағдай тудыру болғанын көреміз.

Әбілпейіз ұрпақтары жайында шежірелердің ішінде Қазақстанда, Қытайда, Моңғолияда жинақталған деректерді қорыта отырып, сұлтаннан тараған ұлдарды мынадай тізбеде жазуға болады: Ханғожа (Шаған ханымнан туған Барақ сұлтанның баласы), Жошы, Бопы, Ғадай, Ағадай, Көгедай, Сәмен, Жабағы сұлтандар.

Әбілпейіз сұлтанның үшінші әйелі – Қырғыз төресінің қызы Тұмар ханымнан тараған ұлдардың да өзіне тән өзгеше тағдыры бар.

Алыпты Әбілпейіз екі қатын,
Тұтынған барлығы да ата салтын.
Үш бала тоқалынан туған екен,
Жазайын үшеуінің төменде атын (Төкейұлы, 2019: 125), - деп айтылған мәліметке қарасақ, Әбілпейіз сұлтанның өз кіндігінен жаралған ұлдарының ішінен тоқалы Тұмар ханымнан – Көгедай, Сәмен, Жабағы сұлтандар туады. Көгедай, Сәмен, Жабағы сұлтандардың анасы Тұмар ханым турасында. «Ел аузынан жеткен аңыз бойынша Тұмар ханым Әбілпейіз сұлтанға келгеннен кейін түс көреді. Түсінде көктегі жарқырай толған айды көреді. Түсін еріне айтқан кезде: «Амандық болса, ұл табатын шығарсың. Амандық болып, дүниеге ұл бала келсе Көктегі ай қоямыз», - дейді. Айтқанындай өмірге ұл бала келіп атын Көктегіай қояды. Баланың азан шақырып қойған Көктегіай деген өзгеше есімі біртіндеп Көгедай болып өзгереді. Осылайша ат төбеліндей төре түгілі, барша қазақта бұған дейін болмаған жаңа есім пайда болады» (Рахметұлы, 1997: 258).

Қазақтар Жоңғария хандығы біржола құлаған кезеңнің алдында-ақ, аталған елдің өз ішінен ыдырап әлсірей бастаған тұсында ежелгі мекені шығыс өңірлерге ілгерілей көшіп, XVIII ғасырдың ортасында қазіргі Абай, Шығыс Қазақстан, Жетісу облыстары жерін біртіндеп игере бастағаны белгілі. Құрбанғали Халидтың айтуынша қазақтар 1740 жылдар шамасында Шыңғыс тауына келіп қойған. Ол туралы мәліметтер халық ауыз әдебиетінде де, орыс, қытай деректерінде де баршылық. «Жоңғарияда манчжур-қытай билігінің орнауымен Қазақстанның шығысындағы жер мәселесі шиеленісе түсті. Қытайлықтар жоңғарлардан босатылған жерлерге қазақ көшпенділерін кіргізбеу үшін Іле өзені даласында және Тарбағатайда әскери бекіністер сала бастады. 1761 жылы Қытай императоры қазақтардың Аягөз өзенінен оңтүстікке қарай көшуіне тыйым салғандығы туралы жарлық шығарды. Бірақ та бұл тыйыммен ешкім санаспады, қазақтар Тарбағатайдағы жайылымдарды иелене берді. 1762–1765 жылдары Қытай әскерлері қазақтарды Жоңғария жерлерінен қуып шығуға байланысты бірнеше жазалау шараларын жүргізді. Дегенмен бұл әрекеттердің нәтижесі болмады, себебі қыстың басталуы мсн қытайлықтардың кетуіне байланысты қазақтар осы территорияларға қайта оралды» (Рахметұлы, 1997: 14). Аталған көштің алдыңғы легінде Әбілмәмбет ханнан тараған төрелер мен олар басқарған рулар болды. Әбілпейіз сұлтан сол кезеңдегі ел шеті Шыңғыстауға келіп орын тепкен болатын.

Шыңғыстауға қарай беттеген қазақтар — абақ керейлер мен наймандар, арғын тобықтылар, уақтар, төлеңгіттер мен өзге де рулар болды. Жоңғария құлағаннан кейін қайта құрылымдалып,

жан саны өсіп, жаңа жерге көшкен бұл рулар келген мекенінде ежелгі Дала заңы бойынша өздеріне төре сайлап алуына тура келеді. Жоғарыда атап өтілгеніндей найман руының байыс бөлімі Әбілмәмбет баласы Әбілпейіз сұлтанды анасының құрсағында жатқанда-ақ қалап алып, өмірге келіп, ес біле бастағанда-ақ өз еліне алып кетіп билеушісі етіп тәрбиелеп алған болатын. Өз руына билеуші болатын төре ұрпағын ата-анасының бауырынан тым ерте алып кетудің бір мәнісі – ру ортасына толық қалыптасып үлгермеген бала кезінде келіп, болашақ билер мен батырлар, өзге де ел ағаларымен кішкентай кезінен тай-құлындай бірге тебісіп өсетін болса, ол сұлтан еліне етене, халқына қайырымды, өз адамы болады деп санағандық болып табылады. Бұл үрдіс қазақтарда ғана емес, өзге халықтардың тәжірибесінде де болған. Ал ержеткен кезінде келген билеуші өзі бұған дейін өмір сүрген ортасына бейім тұратыны, мұндағы елдің ішкі жағдайына, жалпы мәселелеріне толық мән беріп, етене өзімсініне алмайтындығы жайлы аңыз-ертегілер де баршылық. Жасөспірім бала кезінде келіп, арғын қарауыл Дәулеткелді байдың жылқысын бағып, Есіл мен Көкшетау бойындағы атығай-қарауыл руларымен етене өскен Сабалақ лақапты Әбілмансұрдың Абылай аталып алғаш осы екі руға сұлтан болып тарих сахнасына шыққаны белгілі (Абылай хан, 1991: 365).

Шыңғыстауда жайлап отырған Әбілпейіз сұлтаннан өздеріне билеуші етіп сайлату үшін Ер Жәнібек Бердәулетұлы бастаған керей руының би-батырлары да осы кезеңде қамдана бастайды. Сөйтіп олар Әбілпейіз сұлтанның ордасына Қазыбекұлы Тауасар бастаған үлкен топты арнайы аттандырады: «1760 жылдары қазаққа Шыңғыстаудан асып, өрісін әлдеқайда кеңейтуге мүмкіндік туған. Сөйтіп алысқа қарай көшкен ел «төресіз ел болмайды» қағидасына бас ұрып, ел билеушілерден төре алып келуді жөн көрген. Мұндай төресінен алысқа көшкен елдің бірі абақ керейлер болатын. Алдымен керейлер Көшек ханның ұлы Әділ сұлтаннан бір ұлын алдырып, белгілі бір себептермен одан бас тартады да, Әбілпейіз сұлтанға жүгініп, Көгедайды әкелген. Абақ керейдің он екі атасынан он екі атқа мінер, атшы, қосшы, қазаншылары бар елуге жуық адам Әбілпейіз сұлтанға барыпты. Оларды бастап келген басшысы – жәнтекей ішіндегі сүйегі қазыбек, әрі батыр, әрі би Тауасар деген кісі. Әбілпейіз балаларының ішінен таңдауды билерінің өздеріне ұсынған соң кісілер бір ай жатып, балаларды бақылаған. Бір күні Тұмар ханымның үйіне келсе, төсекте үш ұлы ұйықтап жатыпты. Сөйтсе Көгедай шалқасынан жатып, екі жағына екі інісін құшақтап жатыр екен. Бұл кезде Көгедай жеті жаста, Сәмен бесте, Жабағы үшке енді толған. Мұны көрген билер: «Мынау құшағы кең, мейірімі мол, көпшіл болады екен. Оның үстіне сәби ұя бұзбайды. Ақылдан шықпай аузымызға қарайды, осыны алайық», - деген шешімге келген. Әбілпейізге Еженхан берген уаңдық таңбасын бастырған қағазын алып, Көгедайды ашамайға мінгізіп, елге қайтқан. Нәтижесінде көршілермен терезесі тең ел болған. Бірақ бала үйін сағынып құса болған соң, оны бауырларын көріп сағынышын бассын деп қайтып әкелген. Оның бауырларына деген сезімін көрген билер: «Түбінде бізге тоқтамауы мүмкін. Шешесі мен бауырларын қоса, түбін үзіп біржола әкетпесек, тағы сорлап қалармыз», - деп Әбілпейізден сұрайды. Ол кезде абақ керейдің ішінде бала егетін, сүндеттейтін, жаназа шығаратын адам болмапты. Халық оқу-тоқусыз қараңғы қалып жүргендіктен, ұйғыр мен өзбек ішінен жалынып жүріп молдаларды әкеледі екен. Олар да өте аз. Сондықтан Әбілпейіздің рұқсатымен Тұмар ханым үш ұлымен бірге жанына бір молда, бір қожа және бура мен қырғыздан үш жиен бар, барлық жиыны алты үй абақ керейге келіп біржола тұрақтаған» (Төкейұлы, 2019: 75)

Көгедай гүң шенін алып абақ керейге билеуші болғаннан кейін айналасындағы рулардың түртпегінен құтылып, тең дәрежеде өмір кеше бастаған. «Төресіз ел, төбесіз жер болмайды» деуінің мәнісі осы болған. Көгедай билігіндегі абақ елі Цинь патшасына жылына 81 ат салық беріп тұратын болған. Көгедай Пекиннен шен алып елге қайтқан соң Ер Жәнібек батыр:

Жігіті бар ел жаудан қорықпайды,
Шешені бар ел даудан қорықпайды.
Төресі бар ел ханнан қорықпайды,
Орның болды кемелді,

Керей енді теңелді, - деп бағалап, сұлтанды өзі қарсы алыпты. Сөйтіп абақ керейдің малы да өсіп, іргесі бекіп, жайма-шуақ өмір сүріп жатады» (Төкейұлы, 2019: 131). Көгедай гүн 1773 жылы туылып, он екі жасында Абақ Керейге төре болды. 1791 жылы Бейжіңге барып гүңдық шен алды. Отыз тоғыз жыл ел билеп, 1824 жылы 51 жасында қайтыс болды. Көгедай гүннің тұсында абақ керей елінің мал-басы өсіп, он екі ата бұл рудың алдыңғы легі қазіргі ҚХР-дың Алтай аймағының аудандарын тегіс иеленді. Ел аузынан жеткен фольклорлық материалдарға қарағанда Көгедай гүң қарамағындағы халқы үшін жалпы алғанда жағымды билеуші болған.

Көгедайдың кіндігінен Тышқанбай (жастай өлген), Ажы (Жанғазы), Әдеке (Әділғазы), Солтеке (Солтанғазы), Тәтеке (Тәтен) деген балалар тараған. Бұлардың бәрі де ел билеген адамдар. Солардың ішінен Ажы (Жанғазы) сұлтан әкесі Көгедай гүң 1824 жылы қайтыс болғанда мирасқоры ретінде орнына отырып, он екі ата абақ керейді билейді. Ажы сұлтан – Әбілпейіз ханның немересі, ең ұзақ билік құрған төрелердің бірі. Ажы төренің туған жылы туралы нақты дерек жоқ. Кейбір деректерде 1807 жылы туған делінсе, енді бір деректерде 1797 жылы туған деп көрсетеді. Ажы төре қазіргі Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы Қалба тауы маңында дүниеге келген. Көгедай төренің үлкен ұлы жастай қайтыс болған. Сондықтан інісі Жанғазы үлкені болып саналған.

«XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандардан басталған қазақ жұртындағы ел басқару үрдісі, яғни Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған төре рулы ақсүйек сұлтандар институты бірнеше ғасыр бойы мызғымастан қызмет етті. Алайда түрлі тарихи факторларға байланысты Қазақ хандығы XVIII ғасырдың екінші жартысында, анығын айтқанда ұлы хан Абылай дүние салған соң бытырау-тарау күйге түсті. Қазақ халқының басқару билігін мейілінше ұсақтап, күшін әлсірету мақсатында Патшалық Ресей XIX ғасырдың өне бойында хандық биліктті жою, ел ішіндегі төре әулеттерінің ықпал-беделін азайтуға қатысты іс-әрекеттерді үздіксіз жүргізумен болды» (Қабышұлы, 1997: 4). Мұндай жағдай Циньдік Қытай тарапынан байқала қоймағанымен, мұндағы билік құрылымы Ресейдегі басқарудан сәл өзгешелеу болды. Цинь империясына қараған қазақтар арасында сұлтандар билігі XX ғасырға дейін мызғымағанына қоса, мұнда билердің ықпалы да зор болды. Екі мемлекеттегі ұқсастық – қазақтарды біртұтас билік құрылымына қамтуға екеуінде де мүмкіндік бермегендігі. Қытайға қараған қазақтарды да ұсақ әкімшілік бірліктерге бөліп, шашыраңқы жағдайда ұстады.

Мәнжі Цинь империясына, ол империя құлаған соң Қытай Республикасына қараған қазақтар арасында төрелер билігі XX ғасырдың елуінші жылдарына дейін сақталды. Атап айтқанда әкесі Көгедай сұлтанның орнын басқан Ажы гүң 1797 жылы өмірге келіп, 1822–1867 жылдар арасында абақ керей руларын биледі. Ажы гүң тұсында абақ керейді билеу ісіне өзіндік реформа жасалды. Ажы гүн өзіне қарайтын елді нық билеу үшін он екі ата керей ортасынан төрт би сайлап алды. Олардың екеуі саны мол жәнтекей руынан (Көкен Мамытұлы, Топан Сатайұлы) және екеуін жәдік руынан (Бейсембі Дөненбайұлы, Құлыбек Жантеліұлы) сайлатты. Үштас жайлауында он екі керейдің билерінің қатысуымен ел басқарудың арнайы түзімін жасап, оны Абақ керей ережесі немесе «төрт би төре заңы» деп атады. «Абақ Керей Ережесі–қазақтың дәстүрлі ғұрыптық заңы. Ресей мемлекетінің қол астына кірмеген, дәстүрлі әдет-ғұрпынан ажырамаған қазақтардың бір бөлігі ұстанған құқықтар жинағы. Моңғолия Ғылым академиясының тарих ғылыми зерттеу исниттуты қорынан табылған. 1996 жылы тұңғыш ғылыми айналымға түскен. Бұл заң жинағын түркітанушы ғалым С. Қаржаубайұлы Моңғолияның орталық мұрағатынан алып, көне ұйғыр тілінде жазылған құжатты қазақшаға аударыпты. Ереже 17 тармақ, 35 баптан тұрады және екі бастаудан нәр алған болу керек: біреуі – қазақтың ежелден қалыптасқан әдет-нышандары, екіншісі – шариғаттың кейбір қағидалары. Мұнда қазақтың әдеттері басым екені сөзсіз. Бұл құжаттың қазақ халқының құқық тарихын зерттеуге өте қажет дерек екеніне күмәндануға болмайды. Және оның тағы бір ерекшелігі, ол – Орыс патшалығына қарамаған қазақтың ұстанған құқықтық жинағы екендігінде» (Жақып, 2011: 880). Ажы төренің заманында түзілген бұл басқару

заңын Қытай мен Моңғолиядағы қазақтар бір ғасырдан астам уақыт бойы ұстанып келді.

Ажы сұлтан басқарып тұрған заманда, 1864 жылы Цинь патшалығы мен Патшалық Ресей ортасында «Солтүстік-батыс шекара туралы келесім» деген құжат бойынша қазақ жерін бөліске салады. Осы кезде Ажы төре Ресей құрамына қараудан бас тартып, Қытайға қараған аумаққа түбегейлі қоныс аударады. Ажы төре 1867 жылы қазіргі ҚХР-дың Алтай аймағы, Жеменей ауданы жерінде дүние салады. Ажы сұлтанның ұрпақтары қазіргі күні ҚХР аумағында тұрады.

Ажы гүннің баласы Қасымхан төре 1834 жылы дүниеге келеді. Қасымхан төре отыз үш жасында әкесінің орнына гүң шенімен отырып, 1890 жылы дүние салғанға дейін 23 жыл ел билейді. Қасымхан гүң әкесі мен аталарына қарағанда жуас адам болғандығы жайлы айтылады. Ол 1848 жылдары Қазан мен Бұқара қалаларында оқып, діни білім алған адам. Оқуын бітіріп келгеннен кейін абақ керей ішінде ислам дінінің қанат жаюына атсалысады. Қасымхан төренің әйелдері мен ұрпақтары жайлы мынадай мәлімет бар: «Қасымхан төре үш әйел алған. Бәйбішесі Санияз төре әулетінен (Көшек ханның ұлы Санияз) шыққан Айбара ханым – білімді, ақылды, ақылына айбыны сай ержүрек адам болыпты. Ол Қасымханға ел басқаруда көмекші болып, жер дауы, жесір дауы сияқты істерге әділ шешім айтқан. Ел оны құрметпен «Айбар ханым» деп атаған. Алайда Айбар ханым құрсақ көтермепті. Қасымханның екінші әйелі керейдің ителі руынан шыққан Арбақай ханымнан Жеңісхан есімді ұл туған. Туа салысымен Айбар ханым: «Өзім тудым», - деп баурына басып, тәрбиелеп өсірген. Қасымханның үшінші әйелі – өзбек қызы Бопыш Бірбарақызынан Мұқаш туған. Қасымхан бұл екі ұлдан бөлек, өзінің қарындасынан туған жиені Бықышты баурына басып, оны үшінші баласы есептеген» (Төкейұлы, 2019: 144).

Қасымхан төре өмірден өткенде гүң шенімен абақ керейді билейді. Ол сауыр тауының Саршоқы деген жерінде 1863 жылы дүниеге келген. Жеңісхан төре 1912 жылға дейін ел билеп, қырық тоғыз жасында дүниеден өткен екен. Әкесінің ел басқару билігіне қоса, Чин билігі Жеңісхан гүңге Чин мен Ресей патшалығы ортасындағы сауда керуендерінің жұмыс ырғағын жауаптандырған екен. Сондықтан шегарадан ары-бері өткен керуендер Жеңісхан гүңге жолдама хаттарын көрсетіп, ол хаттарға гүң өз мөрін басып отырған. Бұл мөрдің бетінде шағатай тілінде: «Сұлтан Әбілпейізұлы гүң Көгедайұлы Ажы гүң ұлы Қасымхан гүң ұлы сұлтан Жеңісхан. 1899 жыл» деген жазу болған екен (Төкейұлы, 2019: 181).

Жеңісхан гүннің бәйбішесі Қалманнан Сәдуақас, Шәу, Әлен (Әлмұхамет), кіші әйелі Метіке ханымнан Шәріпхан, Шаймардан, Шайсолтан сұлтандар туған.

Әбілпейіз сұлтанның шөпшегі Жеңісхан гүң Қасымханұлы 1911 жылы өмірден өтеді. Сүйегі Әбілпейіз ұрпақтарының қара орны Сауыр тауының терісқейіндегі Айыру деген жерге қойылады.

Жеңісхан төренің 1889 жылы Алтай аймағы, Жеменейде туған баласы Әлен уаң 23 жасында билікке келеді. 1911 жылы Цинь империясы құлап, орнына Жунхуа-Мингу мемлекеті құрылып, Әлен сұлтан жун-ван шенімен он екі абақ керейді билеу құқығына ие болады. Осылайша Әбілпейіз сұлтаннан бері санағанда алтыншы буын ұрпақ ата мирасымен ел билеу ісін жалғастырады. «Алтай-Қобда қазақтарының жун-ваны» деген мөрлі шенмен билікке отырғанымен ол кезеңде Моңғолия өз алдына ел болғандығы, әрі ол жақтағы қазақтар арасында Әбілпейізұлы Сәмен төренің Қожамжарынан тараған ұрпақтар билік жүргізетіндіктен, ықпалы жүре қоймайды. Әлен төренің билігіне қазақтармен қоса Алтайдағы ұраңқайлар мен тываларды қоса билеу құқығы берілген. Ол ұзақ жылдар Қытай билігіне қызмет етіп, күш-жігерін арнайды. 1933 жылы Шыңжаң өлкелік үкіметінің мүшесі болады. 1939 жылы Шың Ши Сайдың бұйрығымен ел игі жақсыларымен бірге Үрімжі түрмесіне қамалады. 1944 жылы Үш аймақ төңкерісшілерінің қысымымен түрмеден босатылады. Гоминьдан үкіметі оны Өлкелік комитет бастығының орынбасары, Алтай аймағы уәлиінің орынбасары қызметтеріне тағайындайды. Коммунистер билікке келіп, Қытай Халық Республикасы құрылғанда да Әлен сұлтанның ел ішіндегі беделін ескеріп, оны Шыңжан өлкелік халық үкіметі мәслихат кеңесі мүшесіне сайлайды. Ол осы кезеңде Шыңжандағы қазақтың асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолға алып, Қазақстаннан ауылшаруашылық техникаларын, асыл тұқымды мал алдырады. Әлең гүң

1961 жылы қайтыс болады. Осылайша Әбілпейіз сұлтан ұрпақтарының үш ғасыр жүзіне жалғасқан билік тізбегі тәмам болады. Әлен уаңның бәйбішесі Хадуан ханым да тарихи тұлға. Ол да Әбілпейіз сұлтанның ұрпағы. Көгедай сұлтанның Жанымхан атты ұлынан туған Мамырбек төренің қызы. Хадиша деген есіміне уаң шені қосылып, Хадуан аталған бұл ханым абақ керей ішінде көптеген жаңашылдық істердің бастамашысы болады. Сәулетті ғимарат салу, елді кәсіпкерлікке баулу, шекара саудасын дамыту істерін қолға алып, өлкелік әйелдер комиссиясының бастығы болады. Хадуан ханым 1963 жылы өмірден өтеді. Бұл кезде Чан кай Ши билігі құлап Тайваньға қашып, Қытайдағы коммунистік төңкеріс т.б. түрлі саяси өзгерістер болуы салдарынан Әлен сұлтанның баласы Зәкихан сұлтан елге билік жүргізе алмады. Осылайша, Әбілпейіз сұлтан ұрпағының абақ керейлерді бір жарым ғасырдан астам жыл басқарған билігі аяқталды.

Жеңісхан төренің Метіке ханымнан туған ұлы Шәріпхан төре (1900–1939) де Алтай аймағында ағарту жұмыстарын жүргізген саналы азаматтардың бірі болыпты. Алтайдың Бурылтоғай ауданы әкімі болған Шәріпхан сұлтан Алтайда тұңғыш малдәрігерлік, адамдәрігерлік пункттер ашқызады, педагогикалық мектеп құрып, театрлық қойылымдар қойғызады. Алтайдағы тұңғыш баспасөздің негізін қалап, халықтың арасындағы салық жүйесіне реформа енгізеді. Осындай жаңашыл тұлға Шыңжаң билеушісі Шың Шы Сай тарапынан болған зомбылықтың құрбаны болып, Үрімші түрмесінде қайтыс болады.

Әбілпейіз сұлтанның ұрпақтары Моңғолияны мекендеген қазақтар арасында да билік жүргізді. Олар туралы да тоқталып қарастырып өту дұрыс болмақ.

Әбілпейіз сұлтанның Тұмар ханымнан туған екінші ұлы – Сәмен төре (1775–1858). Ағасы Көгедай он екі ата абақ керей тайпасына гүң шенімен билік құрған кезде інілері Сәмен мен Жабағыға «фугогүн» немесе «орынбасар князь» деген атақ береді. Сәмен мен Жабағы Қалба өңірінде өмір сүреді. Сәмен төре өзіне қарасты руларды билеген. Сәмен төре жылқы өсіруді аса жақсы көрген екен. Ол 1858 жылы 84 жасында қайтыс болғанда, «он жеті мың жылқы біткен Сәмен төре» деген даңқы қалған екен. Сәмен сұлтанның он бір ұлы да дәулетті адамдар болыпты. Олар өздерінің асқан байлығын көрсету үшін түрлі қызықтамалар ұйымдастырған. Алтайдың күн бетінде Ақбұлақ деген өзеншенің былайша аталуы – Сәмен ұрпақтары қымызды молынан сауғызып, әлгі бұлаққа төктіріп, шақша ағызып жарыстырған деген аңыз бар Бұл турасында мынадай өлең жолдары бар:

Сәменнен байлар шыққан сара-санды,
Ойыны таңдандырған барша жанды.
Қымызға асып қалған шақша ағызып,
Соған да бәйге беріп шашқан малды (Төкейұлы, 2019: 154).

Сәмен сұлтанның кіндігінен тараған он бір ұлының ішінде екінші баласы Қожамжар төре өз заманында Әбілпейізден тараған абақ керей сұлтандары арасында ықпалды адам болады. «Қожамжар (Өжеке) Сәменұлы. Руы төре. Жошы хан, Әбілпейіз сұлтан ұрпағы. Батыр, би. Жылқышы, Көбештермен бірге қазақтың бір тобын Алтайдың теріскейіне қоныстандырған. Әкесі Сәменнің кіші гүңдігіне мирасқор болып, ол мирас бұл жақта Самархан, Жәңгір, Адаймен (1938 ж.) аяқталған. Төбе би Көгедайдың билігін 1824 жылы Ажы жалғастырған. Ол «қызылаяқтың» қастандығымен өлгенде «қызылаяққа» Қожамжар батыр аяусыз соққы берді. Сол үшін айбынды, киелі, ақылды Қожамжар бас билікті алуға тиіс еді. Бірақ билікті Ажы баласы, дәрменсіз Қасымхан алды. Қожамжардың бөліне көшкен бір себебі сол. Бұл бетте Қожамжар билігі рәміз түрінде жүзеге асты. Қожамжар Қобда бетіне келгенде әйгілі дінбасы Мұхамед Мүһминді (Қазірет атаң) ерте келіп Аққол басы Күйтіңде алғаш мешіт салғаны туралы «Абақ керей» (Ж. Қадыс) шежіресінде жазылған, сол өңірде мешіт жұрты бар деп айтылып жүр. Жәңгірұлы Жадайдың зайыбы Қазірет атаңның қызы болғаны бұл жақындықты растай түседі» (Рахмет, 2018: 187).

Сәмен сұлтаннан Құдияр, Қожамжар, Жанияр, Данияр, Мадияр, Алдияр, Спандияр, Райымбек, Бақтияр, Молдияр, Дәулетжар деген ұлдар тараған. Осылардың ішінен Қожамжар, Райымбек, Дәулетжар ұрпақтары Моңғолияға қоныстанған.

Сәменұлы Қожамжар сұлтан (1800–1884) – Әбілпейіз ұрпақтары арасындағы елеулі тұлғалардың бірі. Ол ел-жұртқа батырлығымен аты шыққан адам болған. Батырлық дегенде, ауыл арасындағы рулық төбелестер емес, дүңген, қытай басқыншы, зорлықшыларына қарсы қол бастап шыққан әйгілі сардар болған. Қожамжар төрені ел-жұрты «Өжеке» деп қадірлеген екен. Өжеке төре әртүрлі жағдайларға байланысты Қытай жеріндегі қазақтардың бір бөлігін бастап, 1867 жылдары шеруші Жылқышы, жәнтекей Көбеш билермен бірге Алтайдың Қобда бетіне немесе қазіргі Моңғолия жеріне ауып көшеді. Қожамжар төре, Жылқышы, Көбеш билер 1867 жылы Қобда қаласындағы Мәнжі-Чиң патшалығының өкілі хэбэй амбаньға тарту-таралғымен барып, өздеріне қараған елдің осы өлкеде түпкілікті мекендеп қалуына рұқсат сұрайды. Осылайша Моңғолиядағы қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз қаланады. Қожамжар төре қазіргі Баян-Өлгий аймағы жерінде өзіне тиесілі шұрайлы қоныс алады. Сұлтан 1884 жылы қайтыс болғанда өзінің мекен тепкен өлкесі Сырғалы, Сұмдайрық өңірінің Әскертөбе баурайына қойылады. Бұл жер қазір Төре бейіті аталады екен.

Қожамжар төренің Самырхан, Батырхан, Молдахан, Шегір, Тырнахан атты бес ұлы болған. Осы ұлдарының ішінде Самырхан төре әкесінің билік жолын жалғастырады. Самырхан сұлтан 1824 жылы дүниеге келген. Әкесімен бірге Қобда бетке асқан. Самырхан сұлтан туралы деректердің арасында 1876 жылы әйгілі орыс саяхатшысы Г.Н. Потаниннің Батыс Моңғолияға алғашқы сапарында Далакөл босағасында отарда жатқан Самархан төренің жылқышыларына кезіккенін жазып қалдырған. Аталған жазбада: «Экспедиция простояла здесь четыре дня, обмениваясь визитами с киргизским султаном Самерканом, который очень любил соколиную охоту, имел трех беркутов (орлов) и показал, как они охотятся на лисиц. Этот султан не был богат, имел мало верблюдов, которые с трудом переносят жизнь на высоком плоскогорье, примыкающем с севера к водоразделу Монгольского Алтая и занимающем весь угол между Монгольским и Русским Алтаем. Султан дал экспедиции нового проводника до г. Кобдо, который провел ее по более трудной и далекой дороге, выбранной путешественниками потому, что прямая была уже описана русским топографом» (Обручев, 1947: 245). Бұл үзіндіден біз Самырхан төренің саятшы адам болғанын танимыз. Дегенмен Г. Потанин белгілегеніндей, Самырхан сұлтанның малға кедейлеу адам болмағаны тарихта көп айтылады екен.

Самырхан сұлтан 1890 жылы Алтайдың Қыран өзені бойында өмірден өтіп, сол жерге күмбездеп бейіт тұрғызған екен.

Самырхан сұлтан амбань аталып Моңғолиядағы қазақтарды билесе, оның ұлы Жәңгір төре (1841–1901) де амбань шенімен Қобда беттегі қазақтарға билік жүргізеді. Жәңгір төре — пысық, ауқатты ел ағасы болады. «Жәңгір төренің мыңға жуық жылқысы, екі мың қойы болған. Керейдің бір руынан 80–100 үй төлеңгіт ұстаған» (Сарай, Мініс, 1961: 241), - деп жазады, моңғолиялық тарихшы Сарай Асқанбайұлы. Жәңгір амбы он жылдай ел билеп, алпыс жасында өмірден өтеді. Баян-Өлгий аймағы, Алтай сұмыны жеріндегі Қарабұта өзенінің құйғанына өз өсиеті бойынша жерленеді. Жәңгір төренің екі әйелінен Адай, Жадай, Шадай, Шиеке, Биеке, Дәдеке, Сарқыт атты ұлдары болған екен.

Жәңгір амбының орнын баласы Адай төре (1865–1937) басады. Адай төре ел билеген тұста Моңғолия қазақтары «Жалама айдаған» деген зобалаңға тап болады. Осы кезеңде айдалған елмен бірге болған Адай төре қалмақ шеріктеріне қарсы ұйымдастырылған көтерілістің ішінде елмен бірге болады. Адай төре заманында ел билігі символдық мәнге көшеді. Моңғолияда 1921 жылы коммунистік төңкеріс жүріліп, әбден орныққан соң қызылдар билігі тарапынан сұлтандар, қожа-моллалар, бай-бағландарды қуғындау басталады. Адай төре 1938 жылы 72 жасында жазықсыз ұсталып, баласы Жұңғалдаймен бірге Қобда қаласына апарылып, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болады. Адай төреден Жұңғалдай, Бұқабай, Балықбай есімді ұлдары болыпты.

**Қорытынды**

Әбілмәмбет хан ұлы Әбілпейіз сұлтан ұрпақтарының Моңғолия қазақтары арасындағы билігі Сәмен төреге одан Қожамжарға, одан Самырханға, одан Жәңгірге, одан Адай төрелерге жалғасады. Коммунистер билік басына келген соң Әбілпейіз сұлтан ұрпақтарының Моңғолия қазақтары арасында билік құрған тізбегі аяқталды. Әбілпейіз сұлтаннан тараған ұрпақтың өзі қазіргі күні шар тарапта өмір сүріп жатыр. Бір кезде Түркістаннан найман билерінің қалап алуымен Шыңғыстауға келген жас баланың ұрпағы осылайша өсіп-өрбиді. Әбілпейіз сұлтанның дүниеден өтуі туралы мынадай дерек бар: «Деректерге қарағанда Әбілпейіз сұлтан 1783 жылы ауырып қайтыс болып, оның орнына баласы Ханғожа сұлтан болады. «Әбілпейіз сұлтан ауырып, 1783 жылы дүниеден өтті. 1784 жылы баласы Бопы төре оның сүйегін Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи зиратына апарып қойған. Генерал-майор Броневскийдің жазуынша, 1784 жылы Әбілпейіздің жылын өткізуге Цинь императорының бұйрығы бойынша Пекиннен амбань бастаған, құрамында 2 офицер, 6 маньчжур чиновнигі бар, 100 әскер қорғаушымен Қытай елшілігі Семипалатинск қамалына қарама-қарсы Шыңғыстаудағы Әбілпейіздің қонысына ақпан айында жетеді. Үш күннен кейін Әбілпейіз сұлтанның асы өтті. Асқа Қытай елшілігі әкелген 100 қой, 50 бас жылқы, 50 бас өгіз сойылды. Елшіліктің Әбілпейіз сұлтанның атынан ас берумен қатар негізгі мақсаты Әбілпейіздің орнына асырап алған баласы Ханқожаны мұрагер ретінде бекіту еді. Амбы ол жерден 7 күннен кейін еліне қайтқан. И.Г. Андреевтің жазуынша елшілік алты күн тұрақтап, аялдаған» (Төкейұлы, 2019: 99).

Өз дәуірінің кемеңгер тұлғасы, қазақ жерінің тұтастығы мен оның кеңеюіне бар ғұмырын арнаған, осы мақсатты өзінен тараған ұрпақтарына да мирас еткен ардақты сұлтан Әбілпейіз Әбілмәмбет хан ұлының генеалогиялық тізбегі және олардың әр өңір, мемлекеттердегі іс-қызметі туралы қарастыра отырып мынадай қорытынды жасауға болады: Әбілпейіз сұлтанның өмір жолы – мемлекетшілдіктің жарқын үлгісі және бүгінгі орасан аумаққа ие болып отырған тәуелсіз Қазақстанның іргетасын бекемдеуге сонау XVIII ғасырда өмір сүрген айтулы сұлтандар, би-батырлардың өлшеусіз еңбегі бар. Бүгінгі ұрпақ осыны айқын сезініп, еліміздің болашағы үшін әрқашан алаң болумен қатар, сындарлы кезеңдерде ел іргесін бекіткен тұғаларды ұлықтап еске алуы парыз екендігін сезінуі керек.

**References**


Abylai Khan, 1991 — *Abylai Khan* (zertteuler, makalalar) [Abylai Khan (studies, articles)]. Almaty: Gylym, 1991. (In Kaz.)

Allayaruly, 2015 — *Allayaruly Zh.* Bokey xandı tolıq zerttep, qurmetteu – bugingi urpaq parızı. Qazaq xandıgına 550 jıl [Full study and respect for Bokey Khan is the duty of today's generation. 550 years of the Kazakh Khanate]. Bulletin of the WKU. 2015. 454 p. (In Kaz.)

Artykbayev etc., 1999 — *Artykbayev Zh., Moiseev V., Andreev I.G.* Zertteu enbekteri bilpejiz hannyn qazaq qogamyndagy orny [The place of Abilpeiz Khan in Kazakh society. Astana: ENU bulletin. 1999. 456 p. (In Kaz.)

Artykbayev, 2014 — *Artykbayev Zh.* Qazaq ushin basyn baigege san ret tikken Abilpejiz sultandy umytpajyq [Let's not forget Abilpeyiz Sultan, who repeatedly put his head in the race for the Kazakh people]. Semey: Bulletin of the SPU. 2014. 412 p. (In Kaz.)

Auezov, 1991 — *Auezov M.* Abay zholy. 2 tomdyq [The way of Abai]. Almaty: Zhazushy, 1991. (In Kaz.)

Beknur, 2020 — *Beknur A.* Qazaq batyrlarynyn tagdyry. Boranbay bi Kalkamanuly [The Fate of Kazakh batyrs. Boranbay bi Kalkamanuly]. Semey: Semey tany, 2020. 235 p. (In Kaz.)

Berlibayev etc., 2013 — *Berlibayev B, Rajapov A., Baidildina S., Zhumagulov M.* Qazaqstan tarihy [History of Kazakhstan]. Almaty: AEZhBU, 2013. 215 p. (In Kaz.)

Erofeeva, 2014 — *Erofeeva I.V.* Epistolyarnoye naslediye kazakhskoy pravyashchey elity 1675–1821 gg. Sbornik istoricheskikh dokumentov v 2-kh tomakh [Epistolary legacy of Kazakh ruling elite 1675–1821]. Collection of historical documents in 2 vol. Almaty: JSC "ABDI Company", 2014. 696 p. (In Russ.)

Grigorieva, 1858 — *Grigorieva V.V.* Zamechaniya mayora Blankennagelya vposledstviye poyezdki yego iz Orenburga v Khivu v 1793–1794 [Remarks by Major Blankennagel after his trip from Orenburg to Khiva in 1793–1794]. Saint Petersburg: Niva, 1858. (In Russ.)

Qazaqstan tarihy, 2010 — *Qazaqstan tarihy* (kone zamannan buginge dejin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. 5-Volume edition. Vol. 3. Almaty: Atamura, 2010.

Qabyshuly, 1997 — *Qabyshuly I.* Qazaq tarihynyn syndarly kezenderi [Critical periods of Kazakh history]. Zhana omir. 1997. August 15. (In Kaz.)

Qairat, 2016 — *Qairat B.* Qazaqiya qalay otarlandı? [How was Kazakhia colonized?]. Astana: Zharys KZ. 2016. 400 p. (In Kaz.)

Qarataev, 1972 — *Qarataev M.K.* Qarakerey. Qazaq Sovet Enciklopediyasy [Qarakerey. Kazakh Soviet Encyclopedia]. Vol. 1. Almaty: AS KazSSR, 1972. (In Kaz.)

Karimov, Asylbekov, 2014 — *Karimov M., Asylbekov M.* Abilpeyiz [Abilpeyiz]. Karaganda: Litera, 2014. 163 p. (In Kaz.)

Koigeldiev, Omarbekov, 1992 — *Koigeldiev M., Omarbekov T.* Qazaq handar shezhiresi [Chronicle of Kazakh Khans]. Almaty: Zhazushy, 1992. 64 p. (In Kaz.)

Kurbangali, 1992 — *Kurbangali H.* Tauarih hamsa (Bes tarih) [Tawarih Hamsa (five histories)]. Translated: Totenaev B., Zholdasov A. Almaty: Qazaqstan, 1992. 304 p. (In Kaz.)

Obruchev, 1947 — *Obruchev V.A.* Grigory Potanin [Grigory Potanin]. Moscow: USSR Academy of Sciences, 1947. (In Russ.)

Rakhmet, 2018 — *Rakhmet Sh.* Gumyr-tarikh [Gumyr-tarikh]. Ulanbatyr: Kitab, 2018. (In Kaz.)

Rakhmetuly, 1997 — *Rakhmetuly S.* Mongoliya qazaqtarının shejiresi [Chronicle of the Kazakhs of Mongolia]. Olgiy: regional printing house, 1997. 258 p. (In Kaz.)

Saray, Metis, 1961 — *Saray A., Metis A.* Mongoliyadagi qazaqtar tarihi [History of Kazakhs in Mongolia]. Ulanbatyr: UTHU, 1961. 241 p. (In Kaz.)

Babalar sozi, 2006 — *Babalar sozi:* Juz tomdiq [Grandfather's speech: One hundred volumes]. Vol. 32: Shejirelik dastandar. Astana: Foliant, 2006. 400 p. (In Kaz.)

Tlepov, 2001 — *Tlepov Zh.* Tarih jane adebiet [History and literature]. Almaty: Nauka, 2001. 376 p. (In Kaz.)

Tokeiuly, 2019 — *Tokeiuly K.* Qazaq xandarının urpagı toreler shejiresi [Chronicle of the descendants of the Kazakh Khans]. Ulanbatyr: Kitab, 2019. 264 p. (In Kaz.)

Torekul, 2001 — *Torekul N.* Dalanın dara dilmarları [Individual dilemmas of the Steppe]. Almaty: Kazakhstan, 2001, 592 p. (In Kaz.)

Ush gasir jirlaidi, 1965 — *Ush gasir jirlaidi:* (Qazan tonkeriske deyingi qazaq aqındarının shigarmaları) [Three centuries will sing: (works of Kazakh poets before the October Revolution)]. Almaty: Zhazushy, 1965. 679 p. (In Kaz.)

Valikhanov, 1962 — *Valikhanov Ch.Ch.* Sobraniye sochineniy: v 5-ti tomakh [Collected works: in 5 volumes]. Vol 2. Alma-Ata: Gylym, 1962. (In Russ.)

Yanushkevich, 1976 — *Yanushkevich A.* Kundelikter men xattar nemese Qazaq dalasına jasalgan sayaxat turali jazbalar [Diaries and letters or notes about a trip to the Kazakh steppe]. Almaty: Zhalyn, 1976. (In Kaz.). 135 p.

Zhakyp, 2011 — *Zhakyp B.O.* Aybyn. Enciklopediya [Aybyn. Encyclopedia]. Almaty: Qazaq enciklopediyasy, 2011. 880 p. (In Kaz.)

Zhurtbay, 2009 — *Zhurtbay T.* «Kuyesin, jurek… suyesin…»: (Abay: «Jan bostandıgı» nemese ruxani tawelsizdik) ["You burn, heart... you love...": (Abai: "Freedom of the soul" or spiritual independence)]. Almaty: Kaynar, 2009. 463 p. (In Kaz.)

**Әдебиеттер**

Абылай хан, 1991 — *Абылай хан* (зерттеулер, мақалалар). Алматы: Ғылым, 1991. 365 б.

Аллаярұлы, 2015 — *Аллаярұлы Ж.* Бөкей ханды толық зерттеп, құрметтеу – бүгінгі ұрпақ парызы. Қазақ хандығына 550 жыл. Орал. БҚУ хабаршысы, 2015. 454 б.

Артықбаев, 2014 — *Артықбаев Ж.* Қазақ үшін басын бәйгеге сан рет тіккен Әбілпейіз сұлтанды ұмытпайық. Семей: СПУ хабаршысы, 2014. 412 б.

Артықбаев және т.б., 1999 — Артықбаев Ж., Моисеев В., Андреев И.Г. Әбілпейіз ханның қазақ қоғамындағы орны. Астана: ЕҰУ хабаршысы. 1999. 456 б.

Әуезов, 1991 — *Әуезов М.* Абай жолы. 2 томдық. Алматы: Жазушы, 1991. 465 б.

Бабалар сөзі, 2020 — *Бабалар сөзі* (Жүз томдық). Т. 32. Шежірелік дастандар. Астана: Фолиант,

2006. 400 б.

Бекнұр, 2020 — *Бекнұр А.* Қазақ батырларының тағдыры. Боранбай би Қалқаманұлы. Семей: Семей таңы, 2020. 235 б.

Берлібаев және т.б., 2013 — *Берлібаев Б., Раджапов А., Байдильдина С., Жұмағұлов М.* Қазақстан тарихы. Алматы: АЭжБУ, 2013. 315 б.

Валиханов, 1962 — *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений: в 5-ти томах. Алма-Ата: Гылым, 1962. Т-2. 456 с.

Григорьева, 1858 — *Григорьева В.В.* Замечания майора Бланкеннагеля впоследствие поездки его из Оренбурга в Хиву в 1793–1794. СПб.: Нива, 1858. 287 стр.

Ерофеева, 2014 — *Ерофеева И.В.* Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг. (Сборник исторических документов в 2-х томах/Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева). Алматы: АБДИ Компани. 2014. 696 с.

Жақып, 2011 — *Жақып Б.О.* Айбын. Энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. 880 б.

Жұртбай, 2009 — *Жұртбай Т.* Күйесің, жүрек… сүйесің…: (Абай: «Жан бостандығы» немесе рухани тәуелсіздік). Алматы: Қайнар, 2009. 463 б.

Кәрімов, Асылбеков, 2014 — *Кәрімов М., Асылбеков М.* Әбілпейіз. Қарағанды: Litera, 2014. 163 б.

Қабышұлы, 1997 — *Қабышұлы И.* Қазақ тарихының сындарлы кезеңдері // Жаңа өмір. 1997. 15 тамыз. 4 б.

Қазақстан тарихы, 2010 — *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Алматы: Атамұра, 2010. 3-том. 657 б.

Қайрат, 2016 — *Қайрат Б.* Қазақия қалай отарланды? Астана: Жарыс кз. 2016. 400 б.

Қаратаев, 1972 — *Қаратаев М.* Қаракерей. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы: ҚазССР ҒА, 1972. 1-том. 875 б.

Қойгелдиев, Омарбеков, 1992 — *Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Қазақ хандар шежіресі. Алматы: Жазушы, 1992. 64 б.

Құрбанғали, 1992 — *Құрбанғали Х.* Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд.: Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан, 1992. 304 б.

Обручев, 1947 — *Обручев В.А.* Григорий Потанин. Москва: АН СССР, 1947. 245 с.

Рахмет, 2018 — *Рахмет Ш.* Ғұмыр – тарих. Ұланбатыр: Китаб, 2018. 187 б.

Рахметұлы, 1997 — *Рахметұлы Ш.* Моңғолия қазақтарының шежіресі. Өлгий: Аймақтық баспахана, 1997. 258 б.

Сарай, Мініс, 1961 — *Сарай А., Мініс Ә.* Моңғолиядағы қазақтар тарихы. Ұланбатыр: УТХҮ, 1961. 241 б.

Төкейұлы, 2019 — *Төкейұлы Қ.* Қазақ хандарының ұрпағы төрелер шежіресі. Ұланбатыр: Китаб, 2019. 264 б.

Төреқұл, 2001 — *Төреқұл Н.* Даланың дара ділмарлары. Алматы: Қазақстан, 2001. 592 б.

Тілепов, 2001 — *Тілепов Ж.* Тарих және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001. 376 б.

Үш ғасыр жырлайды, 1965 — *Үш ғасыр жырлайды:* (Қазан төңкеріске дейінгі қазақ ақындарының шығармалары). Алматы: Жазушы, 1965. 679 б.

Янушкевич, 1976 — *Янушкевич А.* Күнделіктер мен хаттар немесе Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар. Алматы: Жалын, 1976. 135 б.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Нұртазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.**
МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ…………………………………………………………...…….646
**Саидов И.М.**
ШАРУА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА……………...661

### ТАРИХ

**Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Э.Д.**
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР…………………………………………………………………………………….……….675
**Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.**
XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ……………….................................692
**Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.**
ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ…………………………………………….…………704
**Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.**
ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ……….725
**Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ……………………………………………………………………..……………...744
**Жылкышыбаева К.К.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ……………….........................758
**Қаратаев Ә.Ә.**
ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?…………………………………………………………………………...………….772
**Марғұлан А.**
XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ЫДЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ……………………………………………………………………………………………..790
**Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.**
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.)…………………………………………………………………………………………….802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ…………….......................................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.**
1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ………………….830
**Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.**
МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ……………..............................................................843

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Біләлова Г., Хабдулина М.**
БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ……………………….856
**Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ)…………………………………………………………………………..……………...869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ…………….....…………..885

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

**Нуртазина Н.Д., Аманжолова А.К.**
ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА…………………………………………………………......646
**Саидов И.М.**
ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ………..…661

### ИСТОРИЯ

**Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д.**
ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ……………….……675
**Адиет К.Б., Калиев Ж.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.………………..................................................692
**Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У.**
АБИЛПЕЙЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ…………………………………………………………….....704
**Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М.**
ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР……………………………………………………………………………………………...725
**Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ……………...........................................................................744
**Жылкышыбаева К.К.**
ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.)……………….............................758
**Каратаев А.А.**
ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?……………………………………………………………………………………772
**Маргулан А.**
ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ…………………………………………………………………………………….….790
**Сарсембина К.К., Козыбаева М.М.**
СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.)………………………………………………………………………………………802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОЛОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ……………..........................................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К.**
ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ………...………830
**Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А.**
КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ……………...........................................................843

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Билялова Г., Хабдулина М.**
ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК……………...…856
**Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА)…………………………………………...………………..869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ……………………………………………....885

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Nurtazina N.D., Amanzholova A.K.**
REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR`S STATE……………………………………………………………………..646
**Saidov I.M.**
POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS………...661

### HISTORY

**Assanova G., Adilbektegi G., Sain E.**
ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE…………675
**Adiyet K., Kaliev Zh.**
KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES)……………….............................692
**Gainous J., Berkinbaev O.U.**
ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS……………......................................................................704
**Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M.**
STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW…………………………………………………………………………………………...…725
**Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A.**
"THE UNRELIAABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY……………………………………………………………………744
**Zhylkyshybayeva K.**
HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990……………............................................758
**Karatayev A.A.**
ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?……………………………………………………………………………………...……772
**Margulan A.**
THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES……………………………………………………………………………790
**Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M.**
THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950)…………………………………………………………………………………………………..802
**Tastekova G.B., Alpısbes M.A., Urakov D.Zh.**
MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS……………..........................................................................815
**Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K.**
TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.……830
**Shalmanova A., Beknazarov R.**
KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT……………...........................................................................843

### ANTHROPOLOGY

**Bilyalova G., Khabdulina M.**
THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT……..856
**Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A.**
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021)………………………..……………………………………………………………….869
**Yarygin S., Sakenov S.**
CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY……………………………………………885

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми

журналы2023. 10 (4)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй